

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.)

ЖАЗУШЫ СЕРІК АСЫЛБЕКҰЛЫНЫҢ ПОВЕСТЕРІ

Аннотация

Жазушы Серік Асылбекұлының повестері өмір шындығын көркемдік жинақтаумен, авторлық-суреткерлік шешім өрнектерімен бейнелеген психологиялық, лирикалық-философиялық сарынды поэтикалық тұтастықпен жазылған туындылар қатарында бағаланады. Повестердің мазмұны мен пішіні жүйесін құрап тұрған жалпы халықтық сөздік қор мен сөздің құрам байлығы мол пайдаланылған сөздер, сөз тіркестері арқылы қаламгердің суреткерлік шеберлік өрнектері айқын танылады. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебие-тінің әлемдік классикалық үрдістер арнасындағы дамуы желісінде көрнекті жазушы Серік Асылбекұлының қазіргі және болашақ ұрпақтарды тәрбиелейтін шығармалары – біздің ұлттық рухани құндылығымыз.

Кілт сөздер: жазушы, повестер, өмір, көркем, жинақ, халық, сөз, қор, құрам, байлық, сөз тіркесі, сурет, шебер, әдебиет.

Ключевые слова: писатель, повести, жизнь, художественный, сборник, народ, слово, ресурс, состав, богатство, словосочетание, рисунок, мастер, литература.

Keywords: writer, stories, life, artistic, collection, people, word, resource, composition, riches, word-combination, picture, master, literature.

Қазіргі қазақ прозасындағы ұзақ әңгіме-повесть жанрындағы шығармалар – ұлттық және жалпыазаматтық әдеби үдеріс желісіндегі тектес шығармалар дәстүрінің көркемдік жалғастығы тұрғысында бағаланады. Сөз өнері шығармаларының тарихындағы көрнекті үлгілері жүйесіндегі әдеби тек түрлері жанрларының шағын, орта көлемді эпостық үлгілері қатарында бағаланатын мұндай прозалық туындыларға Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттануы ғылымының тарихында алғаш рет анықтамалық тұрғыда бағалаулар жасаған еді: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәр-бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды... Міржақыптың «Бақытсыз Жамалына» роман (ұлы әңгіме) деп ат қойылса да, өресі мен өрісі шағын болғандықтан о да ұлы емес, ұзақ әңгімеге жақын. Мұқтардың «Оқыған азамат», Смағұлдың «Қалайша кооперация ашылды» деген әңгімелері ұсақ әңгімеден гөрі ұзақ әңгіме түріне жақын болады. Нағыз ұсақ әңгіме болатындар: Смағұлдың «Автономиясы», Міржақыптың «Қызыл қашары», Бейімбеттің «Айт күні» сияқты әңгімелер» [1, 166-б.].

Әлем әдебиетінің классикалық үлгілері боп танылған көрнекті жазушылардың ұзақ әңгіме-повесте жанрындағы шығармалары жалпыадамзаттық рухани құндылықтар қазынасы сипатымен планетамыздағы мыңдаған, миллиондаған оқырмандардың эстетикалық-көркемдік дүниетанымын байытуымен келеді. Марк Твеннің (Сэмюэл Лэнгхорн Клеменс) (1835–1910) «Ханзада мен қайыршы», Н. В. Гогольдің (1809–1852) «Шинель», «Тарас Бульба», Э. Хемингуэйдің (1899–1961) «Шал мен теңіз», Э. Т. В. Гофманның (1776–1822) «Циннобер лақап есімді құртақандай Цахес»,

«Бүргелер әміршісі» (Ертегі-повестер), Джон Гриффит (1876–1916) «Ата-бабалар шақыруы», Д. Лондонның «Ақ азу», Л. Н. Толстойдың (1828–1910) «Казактар», «Қажымұрат», А. С. Пушкиннің (1799–1837) «Қарғаның мәткесі», И. С. Тургеневтің (1818–1883) «Муму», «Керуен сарай», «Фауст», «Полесьеге бару», «Ася», «Алғашқы махаббат» және т.б. классикалық әдебиеттегі повестерінің лирикалық-философиялық сарынды сипаты қазақ әдебиетінде де көркемдік үндестік, жалғастық желісі аясында байқалады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы повесть жанрындағы шығармалардың қалыптасуы, дамуы үрдісінде Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы», Сәкен Сейфуллиннің «Айша», «Жер қазғандар», Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», «Берен», Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек», Ғабит Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бәр бейне» поэма-повесі, Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер» және т.б. кейінгі толқын қаламгерлер шығармашылығындағы повестер – сөз өнері тарихындағы үздіксіз дамуды жалғастырып келеді.

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдың 70–90-жылдары мен қазіргі ХХІ ғасыр басындағы дамуы желісінде көрнекті жазушылар Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Кәдірбек Сегізбаев, Тынымбай Нұрмағамбетов, Қуандық Түменбаев, Жұмабай Шаштайұлы, Серік Асылбекұлы, Дидахмет Әшімханов, Нұрдәулет Ақыш, Нағашыбек Қапалбекұлы, Рахымжан Отарбаев, Несіпбек Дәугаев және т.б. көрнекті прозашы қаламгерлердің повестері осы жанрдағы шығармалардың әдеби үдерістегі маңызды көркемдік-эстетикалық ықпалын қалыптастырды.

Жазушы Серік Асылбекұлының повестері («Қалқаш», «Рабиғаның махаббаты», «Жезкиік») қазақ прозасының көркемдік қазынасына мол үлес боп қосылғандығы оқырмандарының ықыласынан аңғарылғанды.

«Қалқаш» повесінің тақырыбы – ХХ ғасырдың 70-жылдарындағы қазақ ауылындағы жазғы пішен ору науқаны кезіндегі еңбекшілер тұрмысы, идеясы – тіршілік қозғалысындағы адамдар жан ділі әлеміндегі шынайы махаббат сезімінің психологиялық сырлы болмысын оқырманға сездіру.

Повестің басты кейіпкерлері – тракторшы жігіт Қалқаш пен дала қосындағы жұмысшылардың тамағын пісіріп беруші – аспаз келіншек Кенжегүл.

Повестің сюжеттік дамуында шығарма композициясының басталуынан аяғына дейін оқиғаларды лирикалық эпикалық тұтастықпен бірінші жақпен баяндаушы бала кейіпкер Қуаныштың бағалауларымен, таным-түсінігімен адамдар арасындағы қақтығысты, қайшылықты күрделі қарым-қатынастар айқындалады.

Повесть сюжетінің дамуы, байланысы бөлігінде бала кейіпкерлер Қуаныш, Еркін, Қазантай, Таубайдың жазғы демалыс кезінде шөп шабу жұмыстарын орындап, пішеншілер бригадасында еңбек етіп, өз еріктерімен, шешелерінің тілімен айтқанда, «ала жаздай текке тоздырған» көйлек-көншектерін бүтіндеп, «адам болып, табыс табуға» келгендері – өмір шындығының көрінісі.

Повесть сюжеті дамуында осы балалардың іс-әрекеттері бригададағы тракторшылар Қалқаш, Амангелдінің көк «Беларусь» тракторларының жетектеріндегі шөп шабатын агрегаттарында отыратын қызметтер атқарумен көрінеді. Сюжеттік дамудағы бөлігіндегі кейіпкерлер қызметінің негізгі құралы – шөп шабатын агрегатының – косилканың құрылысын да («*Ұзындығы – екі жарым метрлік болат шалғы, шалғыны беріліс білігіне жалғайтын ағаш сапты шатун, бүкіл механизмді қозғалысқа келтіретін қорап (оның ішінде темір тісті үш-төрт доңғалақ бар), сосын шалғыны көтеріп түсіріп тұратын темір тұтқа*») кейіпкер атынан баяндау арқылы шаруашылық техника-сының адамдар қызметіне қатысты жақтары түсіндіріледі.

Повестің сюжеттік-композициялық желісіндегі қақтығыс-қайшылық – кейіпкерлер тағдырлары, іс-әрекеттері арқылы дәйектелген. Басты кейіпкерлер тракторшы жігіт Қалқаш пен аспаз келіншек Кенжегүл екеуі арасында лап етіп тұтанған махаббат отының повесть сюжетінің шиеленісті сәтіндегі оқиғалардың (Кенжегүлдің ажырасып кеткен сиыршы күйеуі Торшамен, оның жанына ерген Ермақан мен Қалқаштың төбелескені, екеуін Қалқаштың «Беларусьпен» қуалағаны, Кенжегүлдің артынан келген жеңгесінің айтқанына көніп қайта көшіп кеткені) салдарынан сәтсіздікке ұшырауы басты желіні құрайды. Повестің басты кейіпкері Қалқаштың

бейнеленуінде автор оның кескін-келбетін, мінез-құлық ерекшеліктерін даралай мінездей отырып, оқырман-дардың көз алдарына елестетеді. Баяндаушы бала кейіпкердің бейнелеулерімен шығарма атымен аталатын кейіпкердің кескін-келбетін, қимыл-қозғалыстарын, сөйлеу, қарым-қатынас ерекшелік-терін реалистік болмысымен суреттеген:

1. «Жалпы руль ұстағандардың қолы солай бола ма, әлде бұл жөнінен Қалқаштың ерекшелігі бар ма, әйтеуір оның алақаны бізге тым қолапайсыздау сезілді. Күректтей болмағанымен, қалақтай бар екен. Біздің шайтанның шапатындай қолсымағымыз оған жұғын да болар емес. Тіпті Еркін екеуіміздің қос жұдырығымызды жиып-теріп тастай салғанда да оның бір-уысына аздық еткендей екен.

Қалқаш біздің қолымызды қысқаны болмаса, сәлемімізді жөндеп алған жоқ. Көзінің астымен аларып бір қарады да қойды, сосын байпаңдап қосқа қарай беттеді» [2, ...].

Қалқаштың «жұмысқа өте қайраттылығын» («Қайтпас қара темірден жасалған көк «Беларусь» пен Қалқаштың арасында бір ұқсастық бар. Екеуі де жуық арада шаршап болмайды», (244-бет), «... трактордың ішінде шой желкесін күжірейтіп, рульмен бірге қатып қалғандай жа-бысып қалатын Қалқаш...» (244-бет), т.б. бейнелі баяндаулар басты кейіпкердің табиғи тұлғасын реалистік қалпымен елестетеді. Қалқаштың бала кейіпкерлерге «Таскене», «Үрпекбас» деп өзінше қосымша есімдер қойғаны, балаларға арқасын күтірлеткізетіні (массаж), Берден қорықшының бақшасынан түнде қауын ұрлататыны, аспаз келіншек Кенжегүлдің балалармен доп ойнауын, Қуаныштың кітаптар (Конан Дойль, Сервантес, Сокпақбаев, т.б.) оқуын жақтырмайтыны – бәрі де осындай адамдарға ортақ мінез ерекшелігін даралап көрсетеді.

Маңайындағы адамдардың барлығынан мін тапқыш, сыншыл Қалқаштың болмысындағы кемшіліктерді (безеу басқан бетін, үсті-басының сасықтығын) де бала кейіпкерлердің бағалау сөздерімен береді. Қалқаш бейнесінің айрықша даралана мінезделетін тұсы – аспаз келіншек Кенжегүлді және оның бөбегін мас болып келіп еріксіз алып кеткісі келіп тұрған күйеуі Торша мен оның жанындағы Ермақандардан қорғаған сәті. Әуелі екеуімен қолма-қол төбелесіп, одан кейін тракторымен екеуін де басып-жаншығысы келген шиеленісті сәтте кейіпкер болмысы айқындала түскен.

Басты кейіпкер Қалқаштың ізгілік, адамгершілік-азаматтық қасиеттерінің Кенжегүлге деген махаббат сезімін ықпалымен жан ділі әлемінің шын сипатын танытқанын автор жанындағы бала кейіпкерлердің түйсінуі, сезінуі аясында баяндаған:

«Ең алдымен біздің, балалардың, Қалқашқа деген көзқарасымыз түпкілікті өзгеріске бет бұрып еді. Біздің алдымызда тракторшы жігіт жан дүниесінің жаңа бір қырлары ашылып келе жатқан. Бұрын томмырық, топас көрінетін, тұла бойынан жанармайдың жағымсыз иісі көңірсіген осы бір доғалдау, ебедейсіз жігіт бізге күн өткен сайын ыстық көріне бастаған.

... Бұрын көбіне қабағы жауар күндей тұнжырап жүретін, оның сырт көзге топастау көрінетін қабарыңқы жүзі көктемгі жіпсілеңнен кейінгі маң даладай жұмсара түскен еді. Көзінде мейірімді жарқыл пайда болған [2, 261-б.].

Басты кейіпкердің шығарма сюжетінің дамуы, шиеленісі, шарықтау шектеріндегі кескін-келбет пен мінез-құлық құбылыстары тұтасқан реалистік болмысын табиғи бояулы, психологиялық сипатымен берілуі – өмір шындығын құрайтын тіршілік қозғалыстарының сырларын ұғындыратын ерекшелік.

Басты кейіпкер Кенжегүл тұлғасының даралана мінезделуінде жазушы қазақтың ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр аясындағы көзқарастар ұстанымын негізге алған. Кенжегүл ата-анасының ұйғарымымен «... Торша деген сиыршы жігітке ұзатылып» (240-бет) келген ол «Өткен қыста тағы да сол тағдырдың бір жазуы бойынша емиектегі баласымен күйеуінен айрылысты» (240-241-бб.).

Кенжегүлдің пішеншілерге тамақ дайындаушы аспаздық қызметі, түскі үзіліс кезінде «Ортаға түспек» атты доп ойынына балалармен бірге ойнайтыны, мас болып келіп, баласын еріксіз алып кеткісі келген күйеуі Торша мен оның жанындағы Ермақанға ермегені, ол екеуін трактормен

басып-жаншығысы келген Қалқаштың алдын өз денесімен бөгегені, ақырында көңілі қалаған өзін сүйген Қалқашқа қала алмай, сүймеген күйеуіне жеңгесінің сөзін сыйлап қайта көшкені – оның қазақ рухындағы тәрбиелі, өнегелі жан екендігін айғақтайды.

Жазушы шығармадағы бала кейіпкерлердің көркемдік-эстетикалық дүниетаным қабылдауы аясында басты кейіпкер Кенжегүлдің аруға тән келбет-кескінін, бітімін, іс-әрекеттері қимыл-қозғалыстары қамтылған бейнелеулермен өрнектеген:

«... дөңестеу кавказ мұрын, қарақат көз жас келіншектің тартымды күлкісі, марқа қозыдай балғын, сұлу келбеті біздің атаманға (біз Еркінді солай атайтынбыз) ұнап қалған тәрізді. Шынында Кенжегүлдің мінезінде өзгеше бір тартымдылық бар. Күлкісі де, қалжыңы да сондай сылқым, кейбір күлегеш қыздардай бет алды жырқылдай бермейді. Жасыратыны, жоқ, жалғыз Еркін емес, Кенжегүл бәрімізге де ұнап қалған. Ұнатпайтын – Қалқаш ғана. Сыртынан:

– Осы қатынға доп не керек? Емшегі салтылдап ... О, несі-ей?! – деп жақтырмай отырады. Алайда көзінше ол да Кенжегүлге пәлен деп көрген емес» [2, 247-б.].

Қазақ әйелі – отбасындағы және өзін қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортадағы жақсылық атаулының ұйытқысы, жаратылыс құбылыстарының ең әсем көріністерімен, суреттерімен үндес кескінмен-келбетімен, іс-әрекет қимыл-қозғалыстарымен фәнидегі тіршілік қозғалыстарының көркемдік-эстетикалық әсемдік ұлағатымен оқырмандардың жан ділі әлемін баурайды. Шығарма оқиғаларын бірінші жақпен баяндаушы бала кейіпкер Қуаныштың бейнелеулері, суреттеулері арқылы Кенжегүл келіншектің ұлттық-этнографиялық таным аясындағы әсем тұлғасын көреміз:

«– Ойбай-ау, сендерге еріп менікі не? Шайдың мезгілі болып қалыпты ғой, – деп, екі шелек суды иінағашқа іліп алып, шайқала басып қосқа беттейді.

Басқаны қайдам, мен үшін сол сәтте дүниеде су көтеріп бара жатқан жас әйелден сұлу нәрсе жоқтай көрінетін. Ол жұқа шыт көйлекті түртіп тұратын балғын мүсін тал шыбықтай майысып, самал сипаған селеудің алтын жапырақтарындай сәл ғана ырғала басып кетіп бара жатады. Бұл кезде ол жерден екі елідей көтеріліп кеткендей көрінеді. Жүріп емес, баяу қалқып бара жатқандай. Мен кейін де талай су көтерген небір қыз-келіншектерді көрдім, бірақ солардың ешқайсысы маған сол пішеншілер қосындағы келіншектің ырғала басқан қайталанбас сымбатты шағындай әсер етіп көрген жоқ. Кенжегүлдің қимылында ерекше әсемдік бар еді. Оны бейнелеу тек ғана сол әйелге шын тәнті болған талантты суретшінің қолынан келуі мүмкін болатын» [1, 250-б.].

Жазушы шығарма кейіпкерлерін аз ғана уақыт ішінде өзара қақтығысқан, ұғынысқан, ақырында бірін-бірі жақсы көріп кеткен қимастық сезім құрсауына түскен психологиялық жағдайларын да табиғи құбылыстарымен оқырмандарды да соған ортақтастырады. Мысалы, повестің басты кейіпкерлері Кенжегүлдің жеңгесінің айтқанына көніп, айрылысып кеткен күйеуі Торшаға қайта қосылуға көшіп бара жатқан сәтіндегі жан жүйе тебіреністерінің, толғаныстарының, күйзелістерінің табиғилығы, әсерлілігі айрықша байқалады:

«Кенжегүл әуелі ешқайда бұрылмастан басын төмен салып, үйден он-он бес қадамдай ұзады. Сосын кенет батыл түрде басын жұлып алып, жатақ жаққа қарады да, қостың алдында самсап тұрған бізді көріп, бір аяғын алға ұмсындырған күйі мелшиіп қатты да қалды. Шамасы, оның бізге Қалқаш тұратын пішеншілер қосына, соңғы рет көз салғысы келген сияқты, бірақ мынадай суретті мүлде күтпеген болуы керек.

Дәл осы мезеттегі Кенжегүлдің басындағы қарар көздің өзіне соншалықты ауыр, жан төзгісіз қобалжуды мен осы кезге дейін неменеге теңерімді білмеймін. Ботасынан айрылған аруанаға ма, әлде қарашаның қытымыр күндері қысқанда оңтүстіктің мамыражай өлкесіне бет түзеген тырналар тізбегінің өскен жерін қия алмай, ұя басқан баурайын ақырғы рет айнала ұшқан сәтіндегі тыраулаған сағынышты сазына ма... Салыстырудың қай-қайсысы да шындықтың өзіндей болмайтын көрінеді ғой... Сондықтан да болар менің өрепкіген бала қиялым осылардың қай-қайсысын да місе тұтқан емес» [2, 269-б.].

Ал жанын жадыратқан Кенжегүлге ең соңғы кесімді, шешімді сөзін («Әй, Қалқаш-ай!.. – деді Еркін соны күтіп отырғандай терең күрсініп қойып. – Бәрі өзінен болды ғой. Егер Кенжегүлге қосылмақ боп, айнымас серт бергенде, ол кетпейтін еді» [2, 272-б.]) айта алмай, ақырында айрылып қалған Қалқаштың пішеншілер қосында жалғыз қалып бара жатқандағы аянышты тұрпаты, көңіл-күйі бала кейіпкерлердің бағалауларымен оқырмандардың да ішкі жан әлемін әсерлендіреді:

«– Не білдің? Мына қолыңдағы шәйнегің не? – деді Қалқаш жатаққа жақындай бергенде.

– Жеңгесі келіпті. Кенжегүлді көшіріп әкеткелі жатар.

Қалқаштың көздері тұнжырап кетті. Қолы дір-дір етіп, жалма-жан қалтасындағы мыж-мыж боп қалған «Беломордың» май-май қорабын суырды. Көзінің астымен маған қарап қояды.

... Біраздан соң сүйретіліп өзі де шықты. Алғаш рет Қалқаштың мығым жаурынының алға қарай едәуір еңкіш екенін мен осы арада аңғардым.

Оның жүзі пәлендей өзгермеген сияқты. Бірақ аңдап үңілген кісіге Қалқаштың сығырлау кішкене көздерінде қатып қалған бір ауыр мұңды аңғармай қалуы мүмкін болмайтын. Есік алдында елсізге үрке біткен бір шоғыр сексеуілдей секиіп қалған төрт бала – үлкендер жиі айтатындай – қаншалықты ессіз болсақ та, Қалқаштың сол минөттердегі Айвозовскийдің атақты «Тоғызыншы толқынындағы» теңіз толқындарындай тулап жатқан ғашық жанын қапысыз түсініп едік. Біз де Қалқашпен, біздің пішеншілер қосының ең басты адамымен бірге егілуде едік. Кенжегүл бәрімізге де қымбат болатын. Алайда Қалқаштың орны басқа еді ғой» [2, 268-269-бб.].

Повестің құрылысындағы идеялық-эстетикалық желі арқылы әртүрлі тұрмыстық жағдайлармен бірге еңбек ететін адамдардың өзара ұғынысқан, үйреніскен сәттерін қимайтыны да нанымды баяндалады... Жасөспірімдердің де, ересектердің де тіршілік қозғалысындағы қаншылықтармен, қақтығыстармен бірге бетпе-бет келген тілеулес көңілдерінің ықыласты бірлестігінен қимастықпен еріксіз ажырайтынын сезінеміз:

«Кенжегүл көшіп кеткеннен кейін екі-үш күндей біз Қалқаштың қабағын аңдумен жүрдік. ... Рас, Қалқаш жауар күндей тұнжырап көңілсіздеу жүрді. Бірақ тұйыққа тірелгендей айрықша қамығудың нышанын байқатпады. ... Кейін ойлап отырсақ, мұның бәрі оның сыртқы қалпы екен. «Бәрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтардың» кебі екен.

... Бір-екі көрпе мен аяқ-табақ салған қоржынын арқалап көк «Беларусьтің» жанында жалғыз өзі қалып бара жатқан Қалқашты көргенде, бәріміздің де көңіліміз босап қоя берді. Біз оған әбден бауыр басып қалыппыз. Оның ұзынтұра ер пішіні, еңкіштеу мығым жауырыны, тіпті лақсасы шыққан ескі көкжәтел «Беларусіне» дейін бізге айрықша ыстық еді... Қоштасарда ол біздің әрқайсымыздың қолымыздан жеке-жеке алып шыққан. Сосын өзінің кәдімгі іске жомарт сөзге сараң қалтымен.

– Ал енді жақсы оқыңдар, – деген болатын. Бәлкім, бар айтпағы осы жалғыз ауыз тілек болмас. Алайда көкейдегі көріктісін жайдақ суша жайып тастамай, шымырлаған тереңде ұстау, көп созбаққа салып бұлтылдатпай, нақты қылып қысқа айту, жаманшылықты жайсынбау, жақсылықты азсынбау оның қанына сіңген әдеті еді ғой» [2, 270-271-бб.].

Повестің көркемдік түйіні – адамдардың ақыл-ой санасының аса қымбат, қайталанбас ғажайып құбылысы өзара түсінісе келе бірін-бірі құрметтеуін, еркек пен әйел болса ғашықтық сезімімен ақырында бір-бірінен ажырағысы, айрылғысы келмейтін әсерге бөленетін жағдайын ұғындыру. Әсіресе Қалқаш пен Кенжегүлдің, олардың жанындағы бала кейіпкерлердің жүректерін торлаған қимастық мұны арқылы әрбір адамның өзіндік бақытын қорғауда шешімталдық, күрескерлік қасиеттерін танытуы тиіс екендігі поэтикалық мағынамен мезгеледі.

Жазушының «Жезкиік» атты повесінің тақырыбы – мектеп жасындағы баланың сапалы, тиянақты орта білім алуы мәселесі, идеясы – ауыл, дала аясында өскен адамдардың туған жерін, атамекенін, еркіндік жайлаған кеңістігін ғана мәңгі сүйіп, аңсап өмір сүретінін дәлелдеу. Басты кейіпкері – Қанат есімді бала. Повестің идеялық-композициялық желісін мынадай сюжеттік бөлік-

тер құрайды: біріншісі – атасы мен әжесінің бауырында өскен Қанатты атасы мен әжесінің, көкесі мен жеңешесінің (туған әкесі мен шешесінің) бірінші сыныпқа оқуы үшін Ақтау қаласына аттандыруға дайындалғаны; екіншісі – атасы мен Қанаттың жолға шығар қарсаңында көкесі құрған қақпанға түскен киікті Қанаттың босатып жібергені, ол ісіне атасының қуанғаны; үшіншісі – атасы мен Қанаттың теміржол бекетіне келгені, жолаушылар пойызына мініп сапар шеккені; төртіншісі – Ақтау қаласына жетіп, Қанаттың туған ағасы Қайыркен мен Нұрғайша жеңешесінің үйіне аманескен жеткені, атасымен бірге дүкенге барып, киім-кешегін, оқуға қажетті құрал-жабдықтарын (костюм-шалбар, жейде, қағаз, қалам, кітап, қалам сауыт, портфель, т.б.) сатып алғаны; бесіншісі – Қанат пен атасы екеуінің қаладағы зоопаркке барып, құстарды, аңдарды (пілдер, маймылдар, киіктер, т.б.) тамашалағаны, қамаудағы киікті атасы мен екеуінің аяғаны; алтыншысы – атасының ауылға аттанып кеткені, жалғыз қалған Қанаттың оның артынан темір жол вокзалына өзі барғаны, адасқан күшікті қойнына тығып, атасы мінген пойыздың әлдеқашан кетіп қалғанын біліп егіліп жылағаны; жетіншісі – қараңғылық жайлаған қалада өзі келген Қайыркен ағасының үйінің қайда екенін білмейтін, сасқалақтап жылаған Қанатқа мейірімді қазақ қариясының жолығып, үйіне күшігімен ертіп барғаны, кемпірі екеуінің тамақ бергені, қарияның домбырамен киік туралы әнді орындағаны, ағасы Қайыркеннің түнгі он бір жарымда алып кеткені.

Повестің лирикалық-психологиялық сарынды поэтикалық желісінде бала кейіпкер Қанат пен оның атасы екеуінің көркемдік-эстетикалық дүниетанымы аясында кең даладағы қазақ жайлауының қайталанбас ұлттық-этнографиялық суреті, адамдардың еркіндігі, сұлулықты сүйген жан ділінің баламасындай киіктің поэтикалық бейнесі романтикалық-реалистік тұтастықпен бейнеленген.

Кейіпкердің қазақ аулындағы жазғы жайлау келбетін пейзаждық көріністерімен суреттеуі, адамдардың жан ділі психологиясымен сабақтасқан әсерлілігі, даладағы еркіндік пен сұлулықтың иелері – киіктерді көргендегі романтикалық әсерлі көңіл-күй – бәрі де жазушының поэтикалық мағыналы ойлы баяндаулары мен бейнелеулері арқылы өте әсерлі оқылады:

«Сәске түс. Жайлау. ...

Шіркін, дүниеде жайлауға жетер не бар екен?! Шіркіннің ауасының өзі неге тұрады! Әжемнің тілімен айтқанда, кісіні ішпей-жемей мас қылады ғой. Мен қазір сусыма ақ шағылдың үстінде ішпей-жемей мас болып жатырмын.

... Шынында да төбенің етегімен бізден бар болғаны жүз-жүз елу метрдей жерден жұп-жұмыр сауырлары күн сәулесіне шағылысып, бір үйір киік өтіп бара жатыр екен. Мен сілейін тұрып қалдым. Алғашында бізге бір сәт аңтарыла қалған олар іле-шала кең даланың бойын дүбірге толтырып, жазыққа қарай дүркірей жөнелді. Тек үйірдің соңындағы бір киік қана бізге қарап, сәл аялдап қалды. Сондай бір келісті сұлу киік! Жезкиік!

Мен мына ғажайыптан көз ала алмай сілейін әлі тұрмын. Кенет ол да бізге қарап жанарын бір жалт еткізді де, әлі бұл арадан көп ұзай қоймаған үйірінің ізінен салды.

– Жезкиік! – дедім мен еріксіз күбір етіп» [2, 356-357-бб.].

Кейіпкердің далалық адамдар психологиясына тән сұлу тұрпатты, киелі аң-құстарды ата-бабалар қалыптастырған төтемдік ұғым-түсініктері аясындағы тебіреністері-толғаныстары арқылы халқымыздың өзін қоршаған барлық тіршілік иелерін, табиғатты сүйген көктәңірілік наным-сенімдерінің сақталғанын, адамгершілік-имандылық ұялаған рухани болмысын танимыз. Көкесі құрған қақпанға түсіп қалған киікті көргендегі, оны босатып жіберген сәттегі кейіпкердің аянышқа толы күйзеліспен, тебіреніспен өрнектелген көңіл-күй құбылыстары біздің халықтың көркемдік-эстетикалық ұстанымын айқын байқатады:

«Бұл шынында қақпанға түсіп қалған киік еді. Ол екі бүйірінен дем алып, дір-дір етеді. Қақпанға байланған ауыр темір сүйретпені шырқ айналып, маңайын әбден шиыр қылып тастапты.

Көздері мөлтілдеп, бізге жас балаша жәуітеңдей қарайды.

... Мен бірте-бірте жаралы кейікке жақындай түстім. «О, Жаратқан, осындай да мөлдір көз-дер болады екен-ау. ... Япыр-ау, мынау Жезкиік қой! Соның дәл өзі ғой!.. Қорықпа, жаным Жезкиік, мен сені қазір босатам. Босатам, қорықпа ...».

Бір ғажабы, киік менің достық ниетімді түсінгендей көп қашықтамады. Енді бойыма өзім де күтпеген бір батылдық пайда болды: мен киіктің аяғындағы қақпанның серіппесін аяғыммен басып қалдым, киік жаралы аяғын суырып алды.

– Бар, Жезкиік, бар!.. Бара ғой. ... – дедім мен күбірлеп.

– Киік бота көздері жәутеңдеп, маған кәдімгі адамша көз салып сәл тұрды да, жаралы аяғын сілкіп-сілкіп жіберіп, жүріп кетті. Жоқ, оны тағы аңға жатқызу қиын болатын: оның жәудіреген көздері адамның көздеріндей ақылды, мағыналы еді» [2, 360-361-бб.].

Прозадағы лиризм – көркем шындық поэтикасы заңдылығы жүйесіндегі маңызды ерекшеліктердің бірі. Прозалық шығармалардағы авторлық эпикалық баяндауларда да, кейіпкерлердің монологтары мен диалогтарында да адамдардың көңіл-күйіндегі сан алуан құбылыстарды, тебіреністерді, лирикалық-психологиялық сарынды қуаныштарымен де, күйзелістерімен де, сүйсіністерімен де, өкініштерімен де – бәрінің де әсерлі сипатымен өрнектелуі прозалық шығарманың поэзиямен, драматургиямен үндесетін жанрлық сипатындағы лиризмді күшейтеді.

Прозалық көркем шығарманың композициясындағы автордың оқырмандармен ой бөлісе, сырласа толғанатын жерлері де шығарманың негізгі оқиғасындағы лирикалық-философиялық, психологиялық сарындылықты танытатыны мәлім. Эпостық әдеби тек түрлерінің прозалық шығармаларындағы (әңгіме, повесть, роман) лирикалық әуендердің орын алуында шығарма арқауындағы көркемдік әсерлілікті арттыра түсетін пейзаждық суреттеулер, табиғаттағы киелі аңдарға, құстарға, жәндіктерге арналған романтикалық-реалистік көзқарастар бағалаулары шығармалардың көркемдік әсерлілігін дамыта түседі. Бұл орайда әлем әдебиетіндегі көрнекті эпик қаламгерлердің прозалық шығармаларындағы адамзат тарихындағы көркемдік тәсілдері негізінде өздері шығармашылықпен өрбітпе дамытқан суреткерлік мәнер-машықтарын зерделеген әдебиеттанушы ғалымдар пікірлеріне назар аударамыз. Мысалы, көрнекті ғалым Г. Н. Пospelовтің «Лирика: среди литературных родов» атты монографиясындағы «Эпостың өзіне тән өзгешелігі» («Специфические свойства эпоса») атты тарауда айтылған пікірі прозадағы лирикалық сарын табиғатын түсінуге бағдарлайды:

«Многие из крупных эпических писателей, создавших в основном большие социальные романы, – например, Бальзак, Диккенс, особенно Л. Толстой, – не только усваивали, но даже культивировали по-своему «объективный» принцип изображения жизни, столь восхищавший Гегеля в поэмах Гомера. Другие, по преимуществу юмористы и сатирики, – например, Рабле и Сервантес, Гофман и Гоголь, Свифт и Щедрин, – наоборот, активно проявляли свою идейно-творческую «субъективность», применяя приемы сюжетного и психологического гиперболизма, гротескности, фантастики. Некоторые писатели, в особенности авторы углубленно психологических повестей и романов – например, Мопассан и Гамсун, Тургенев и Чехов, – обнаруживали иную, собственно эмоциональную творческую «субъективность». Они были творцами эпоса с лиризмом. Если творческая «субъективность» юмористов и сатириков выражалась по преимуществу в заостренности приемов организации «предметного мира» их произведений, то эмоциональная «субъективность» психологистов достигалась главным образом путем повышенной экспрессивности художественной речи их произведений» [3, с. 46-47].

Жазушы Серік Асылбекұлының повестеріндегі сөз арқауындағы қисындарға сәйкес лиризм сарындары сюжеттік-композициялық бөліктерде тұрақты орын алуымен байқалады. «Жезкиік» повесіндегі дала ұланының жайлау, ауыл, киіктер туралы тебіреністері арқылы саналы ақыл-ой иесі адам мен оны қоршаған табиғаттың, жаратылыстың бөлінбес тұтастықтағы болмысы дәлелденген. Шығармадағы бала кейіпкердің ауылдағы мектебінде оқып онжылдық бітіргісі келетіні, қаншама думанды қызықтары мол болса да қаланы жатсынатыны, қақпанға түскен киікті босатып жібергені, көшеде қаңғырып қалған күшікті қойнына тығып алып жүргені, зоопарктегі қамауда тұрған киікті атасы екеуінің аяп қамыққандары, ақырында ауылға қайта аттанған атасының артынан қуа жүгіріп, көшесі де, көлігі де бейтаныс қалада вокзалды өзі тауып жеткені, адасып тұрған сәтінде қайырымды, сезімтал қазақ қариясының кездесіп, үйіне апарып, «Жезкиік» ән-өлеңін

орындағаны – бәрі де шығарма құрылысы поэтикасындағы лирикалық-романтикалық сарындылық желісін байқатады. Бала кейіпкер Қанаттың «Жезкиік» ән-өлеңін тыңдап отырғандағы көңіл-күйі жағдайымен сезімтал оқырманның да бөлісе тебіренері ақиқат:

Жез қанат, күміс бауыр киік көрдім,
Дәруі сол ма дерсің күйік-шердің.
Жез марал жүреді екен арасында,
Мыңдаған Бетпақтағы киіктердің...
Атайдың домбырасы сұңқылдап отыр:
– *Жезкиік, біздің жаққа қалай келдің...*

Менің көз алдыма жайлау келді. Менің көз алдыма көкем құрған қатыгез қақпанға абайсызда түскен бейшара Жезкиік келді ... Жезкиік, Сен шынында, біздің жаққа қайдан келіп едің? Атам айтып еді, сендердің атамекендерің – Бетпақдала деген жер деп. Сен Бетпақдалаңды қалай ғана қиып кеттің? Әлде мына атай салған әндегідей рақымсыз бір сұр мерген кезікті ме саған да? Айтышы, Жезкиік, айтышы ... Бірдеңе деші ... [2, 392-б.].

Повестің көркемдік түйіні – ХХ ғасыр мен қазіргі ХХІ ғасыр басындағы адамзат ұрпақтарына зардабын тигізіп отырған табиғаттағы тіршілік иелері (адамдар, аңдар, құстар, өзендер, көлдер, ормандар, ауа, т.б.) душар болып отырған экологиялық апаттар қасіретін сездіру.

Қазақтың кең-байтақ даласындағы жайлаулардың, атамекендердің, адамдардың, аңдардың табиғи жағдайларынан еріксіз ажырап, қалалық ықпалдың әсерінен жаратылыстағы адамгершілік-имандылық үрдістерден ажырай басталған зардаптарға үкім айтылады. Қалалық өркениетке мәжбүрлікпен қосылған дала перзенттерінің ата-бабалық тектілік ықпалдары жойылмай, бәрібір қазақ ұландарының санасындағы туған топырағымен мәңгі байланыста болатын ұстаным дәлелденген. Повесть соңындағы бала кейіпкер Қанаттың түсіндегі көріністер («*Кенет ... о, тоба! Қаланың жым-жырт көшесін қақ жарып бір киік, иә-иә, киік ... келеді. Апыр-ау, мынау сол зой, соның өзі – менің жатсам-тұрсам есімнен кетпейтін, кәдімгі Жезкиігім зой! Армысың, асыл жануар!.. Апыр-ау, сен бұл жаққа қайдан келдің! Неге келдің! Кел, келе зой, жануар!*» [2, 395-б.]) де қалалық мәдениеттен оқу, білім, ғылым негіздерін игергенмен, бәрібір, дала перзенттерінің ауылына, ата-мекеніне деген мәңгілік құштарлықпен, сағынышпен өмір сүретінін дәйектейді.

Повестің соңындағы бала кейіпкер атымен айтылған лирикалық-психологиялық шерлі қоштасу толғанысы да қазақтың ұлттық-этнографиялық, ата-бабалық дәстүрлерінен, атамекендерінен, өткен кезеңдердің асылдарынан айрылған қазіргі ұрпақтың күйзелісін, мұңын аңғартады:

«Санам буалдыр тартып, тұманды күндей мұнартып жүре берді. Қиялымда ыстықтан күре-ңіткен найза құмдар, құдықтың жанында пырдай болып күйіс қайырып жатқан бір отар қой, атам мен әжем, туған әке-шешем, мылжыңбас Сақтаған мен Бетпақтан ауып келген бейшара Жезкиік – бәрі-бәрі бір-бір аунап түсті. Қош бол, жайлау!.. Қош бол, Жезкиік!..» [2, 396-б.].

Қорыта айтқанда, жазушы Серік Асылбекұлының повестері өмір шындығын көркемдік жинақтаумен, авторлық-суреткерлік шешім өрнектерімен бейнелеген психологиялық, лирикалық-философиялық сарынды поэтикалық тұтастықпен жазылған туындылар қатарында бағаланады. Повестердің мазмұны мен пішіні жүйесін құрап тұрған жалпы халықтық сөздік қор мен сөздің құрам байлығы мол пайдаланылған сөздер, сөз тіркестері арқылы қаламгердің суреткерлік шеберлік өрнектері айқын танылады. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетінің әлемдік классикалық үрдістер арнасындағы дамуы желісінде көрнекті жазушы Серік Асылбекұлының қазіргі және болашақ ұрпақтарды тәрбиелейтін шығармалары – біздің ұлттық рухани құндылығымыз.

- 1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 2 Асылбекұлы С. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2008. – Т. 1. – 400 б.
- 3 Пospelов Г. Н. Лирика: Среди литературных родов. – М.: Издательство Московского университета, 1976. – 208 с.

REFERENCES

- 1 Baitursunov A. Adebiet tanytkysh: Zertteu men olender. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 b.
- 2 Asylbekyly S. Shygarmalary. – Astana: Foliant, 2008. – T. 1. – 400 b.
- 3 Pospelov G. N. Lirika: Sredi literaturnyh rodov. – M.: Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta, 1976. – 208 s.

Резюме

Т. С. Тебегенов

(Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы)

О ПОВЕСТЯХ ПИСАТЕЛЯ СЕРИКА АСЫЛБЕКУЛЫ

В повестях писателя Серика Асылбекулы ярко, красочно отражена правда жизни. Художественными узорами изображены психологические решения, лирико-философские мотивы произведений, оценена поэтическая целостность написанного. В содержании повестей дан богатый ресурс слова, мастерство, самобытность народной лирики, которая легкоузнаваема. В новейшей литературе независимого Казахстана, наравне с развитием тенденций мировой классической литературы, произведения видного писателя Серика Асылбекулы занимают особое место. Сочинения нацелены на воспитание нынешнего и будущего поколения в духе патриотизма, привитию национально-духовных ценностей.

Ключевые слова: писатель, повести, жизнь, художественный, сборник, народ, слово, ресурс, состав, богатство, словосочетание, рисунок, мастер, литература.

Summary

T. S. Tebegenov

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.)

ABOUT THE STORIES OF WRITER SERIK ASYLBEKULY

In the stories of writer Серика Асылбекулы brightly, the true of life is colourfully reflected. Artistic patterns are represent psychological decisions, lyric-philosophical reasons of works, poetic integrity of written is appraised. The rich resource of word, mastery, originality of folk lyric poetry, is given in maintenance of stories, that knowable. In the west literature of independent Kazakhstan, equally with development of tendencies of world classic literature, works of visible writer Serik Asylbekuly occupy the special place. Compositions are aimed at education of present and future generation in a spirit patriotism, привитию of nationally-spiritual

Keywords: Writer, stories, life, artistic, collection, people, word, resource, composition, riches, word-combination, picture, master, literature.

17.01.2013 ж. түсті